

№11 «Аружан» бөбекжай-балабақшасы



Қорытынды іс-әрекет

Тақырыбы: «Ойнаймыз да ойлаймыз».

№5 «Күншуақ» ересектер тобы

Тәрбиешілер: Жалғасова А.

Кабылбаева А.

Шымкент 2019 жыл

Тақырыбы: Ойнаймыз да ойлаймыз.

Білім салалары: Коммуникация, Таным, Әлеумет.

Білім бөлімдері: Сауат ашу, математика негіздері, тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, экология негіздері.

Мақсаты: Жыл бойы өтілген тақырыптар бойынша білім деңгейін байқау, нәтижесін көрсету. Баланың тілдік грамматикалық құрылымын қалыптастыру.

Сөйлемдерді дұрыс құрап, қатынаста пайдалана білуде, мәдени тілдік қабілеттерін арттыру. Жыл мезгіліне сай өлең шумақтар, жаңылтпаштар, санамақтар жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Тура және кері санауға тақ және жұп сандар туралы түсінікті бекіту. Геометриялық пішіндерді ажырату. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ауызша есептер шығара білуге жаттықтыру.

Керекті құралдар: кеспе әріптер, 5сала бойынша тапсырмалар, геометриялық пішіндер, карточкалар, 0-ден 10-ға дейінгі сандар, планета туралы видео ролик.

Билингвалдық компонент: әріп – буква, сан-цифра, дауыс дыбыс-гласные, дауыссыз дыбыс- согласные, тақ сандар-нечетные, жұп сандар-четные, планета-галактика.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері -Балалар, бізде бүгін ерекше күн. Бізге көптеген қонақтар келіпті. Шаттық шеңберіне тұрып, келген қонақтармен сәлемдесейік. Жарайсындар, балалар! -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Көктем туралы өлең шумақтарын айтып жіберіңдер.	Армысың алтын күн! Армысың жер Ана! Армысындар достарым Сендерді көрсем қуанам! Всем ,всем добрый день Здравствуй солнце золотая Здравствуй небо голубое Здравствуй матушка земля Гуд мониң,гоулд сан Гуд мониң,май френе Сәлеметсіздер ме? Қонақтар! -Көктем мезгілі. -Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз,сәуір , мамыр. -Күн жылынады, жаңбыр жауады, құстар ұшып келеді, гүлдер өседі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Нұрдана Көктем қандай көңілді Күміс жаңбыр төгілді Мөлдір аспан ашылып

Ұйымдастырушылық
ізденістік

-Балалар біз қай планетада өмір сүріп жатырмыз?
Күнді сегіз ғаламшар айналып тұрады, олардың өзіндік есімдері бар. Кім айтады?

-Жарайсындар балалар! Ал енді ғаламшарлар туралы видео ролик көрейік, ол үшін экранға назар аударайық.

-Балаларға көрсетіп болған соң.
-Балалар, бізге белгісіз планетадан хат келіпті, оқып көрейікші. Кішкентай менің достарым!
«Алыс-алыс Ғарыш көкжиегінде бір таңғажайып планета болған екен. Онда көңілді, мейірімді тұрғындар өмір сүріпті. Белгісіз планета біздің жер сияқты өте әдемі болған екен, бірақ күні күлгін түстес шуақ пашыпты. Таулары, гүлдері мен ағаштарының пішіндері де ерекше болыпты, тұрғындары бір-бірімен өте тату-тәтті өмір сүріпті. Күндердің күнінде планета кенеттен апатқа ұшырапты, өсімдіктері қурап,

Күн пердесі сөгілді
Нұрислам
Жыршы құстар көп келді
Гүлдер жапты бөктерді
Кел балалар, әнменен
Қарсы алайық көктемді
-Жер планетасында.

-Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун.

-Қызығушылық танытады.

Ойын

сулары құрғап қалыпты. Бүгінгі күнде сол планета тұрғындарына көмек қажет болып отыр».

-Балалар , ғарыш тұрғындары планетаны қайта тірілту үшін көмек сұрауда. Көмектесеміз ба? -Ол үшін бізге мына жерде көптеген тапсырмалар берілген, сол тапсырмаларды орындауымыз керек.

1-тапсырма

1)Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? Қаншасы дауысты? Қаншасы дауыссыз?

2)Дыбыс туралы айтыңдар.

3)Дыбыстар нешеге бөлінеді?

4) Дауысты дыбыс қалай айтылады?

5) Дауыссыз дыбыс қалай айтылады?

6)Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?

7) Дауыссыз дыбысты ше?

-Олай болса, бір ойын ойнап жіберейік.

«Бұл қай дыбыс?»

Кез келген дыбысты айтамын, дауысты дыбыс болса, қызыл текшені, дауыссыз дыбыс болса , көк текшені көрсетесіңдер.

Мысалы: а,ә, б,ғ,р,о,ж т.б.

2-тапсырма

1)Сөз неден құралған?

2) Сөз қандай болады?

-Көмектесеміз.

-42 әріп бар.

-Дыбысты естиміз,айтамыз.

-Дыбыстар екіге бөлінеді.Дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді.

-Әндетіліп еркін айтылады.

-Кедергіге ұшырап, қысылып шығады.

-Қызыл текшемен белгілейміз.

-Дауыссыз дыбысты көк текшемен белгілейміз.

Дауысты дыбыс болса, қызыл текшені, дауыссыз дыбыс болса , көк текшені көрсетеді.

-Дыбыстан.

-Ұзын және қысқа

3) Отан, Мектеп, Парта
сөздерін буынға бөліп,
дыбыстық талдау жасап
беріңдер.

4) Сөйлем неден
құралады?

Сөйлем дегеніміз не?

Сөйлем нені білдіреді.

Мысал келтіріңдер.

-Неше сөзден құралды?

5) Сөйлемнің түрлерін
атаңдар.

Енді мысалдар
келтіріңдер әр сөйлемге.

6) Қандай тыныс
белгілерін білесіңдер?

7) Нүкте қай кезде
қойылады?

8) Сұрақ белгісі ше?

9) Леп белгісі ше?

10) Үтір ше?

Жаңылтпаштар айтып
жіберіңдер.

Жарайсыңдар балалар,
орнымыздан тұрып,
бойымызды сергітіп
алайық.

Сергіту сәті.

Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де

Екі саусақ бірікті

Ине қолға ілікті

Үш саусағым орамды

болады.

-О-тан, Мек-теп, Пар-та,
Ба-ла-бақ-ша.

Дыбыстық талдау
жасайды.

-Сөзден құралады.

-Сөйлем екі немесе одан
да көп сөзден құралған
сөздерді сөйлем дейміз.

-Тиянақты бір ойды
білдіреді.

Мен дүкенге бардым.

-Үш сөзден.

-Сұраулы сөйлем, лепті
сөйлем, хабарлы сөйлем.

-Нүкте, үтір, леп белгісі,
сұрақ белгісі.

-Сөйлемнің соңында.

-Сұраулы сөйлемде.

-Қуанышты бір хабарда.

-Ұзақ сөйлемнің
арасында.

Ерсұттан

Ара, ара, аралар

Орманшын бойын аралар

Гүлдерден бал алар

Бал тәтті гой балалар!

Азамат

Айта-айта жақ талды

Қайт- қайта жатталды.

Қайта-қайта жақ талды

Айта-айта жатталды.

Өлең мазмұнына сай
қимылдар жасайды.

Жүгіртеді қаламды
Өнерлі екен он саусақ
Қала салсақ, жол салсақ.

3-тапсырма.

- 1) Бір жылда неше ай бар?
- 2) Бір жылда неше мезгіл бар?
- 3) Әр мезгілде неше ай бар?
- 4) Бір айда неше күн бар?
- 5) Бір айда неше апта бар?
- 6) Бір аптада неше күн бар?

Апта күндерін атап беріңдер?

- 7) 0-ден 10-ға дейін санап беріңдер.

4-тапсырма

- 1) 1-ден 10-ға дейін орыс және ағылшын тілдерінде санап беріңдер.

- 2) 1-ден 10-ға дейінгі сандарды кері санап беріңдер.

- 3) Сандар нешеге бөлінеді?

Так сандарды айтып беріңдер.

Жұп сандарды айтыңдар.

- 4) Бірліктерді атаңдар.
Ондық сандарды атаңдар.

- 5) Есептер шығару,
теңдік, теңсіздік, азайту,
қосу.

Сандар туралы санамақ санаңдар.

10-баладан сұрау.

-Он еке ай бар.

-Төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз.

-Үш ай бар.

-Отыз, отыз бір күн бар.

-Төрт апта бар.

-Жеті күн бар.

-Дүйсенбі, сейсенбі,
Сәрсенбі, бейсенбі,
жұма, сенбі, жексенбі.

-1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.

-Орыс және ағылшын тілінде санайды.

-10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 0.

-Екіге, тақ сандар, жұп сандар.

-1, 3, 5, 7, 9.

-2, 4, 6, 8, 10.

-1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.

-10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90.

$2+3=$ $5-3=$

$3+4=$ $6-2=$

$7>3$ $3<5$

$8=8$

Бір дегенім бесік,
Шықтым содан өсіп.

Екі дегенім — елім
Асқар тауым- көлім.

Үш дегенім үміт

Үміт арттар жігіт.

Төрт дегенім төзім

Төзе білем өзім

Логикалық есептер
шығару.
Мен біреуін айтамын,
қалғанын өздері
құрастырады.
Табакта бес алма
Қолымда үш алма
Қосканда барлығын
Болады неше алма?

5-тапсырма
1)суретпен жұмыс
Зымыран қандай
пішіндерден құралған?
2)Түстерін үш тілде
айтып беріңдер?
6-тапсырма
1)суретке қарап сөйлем
құрастыру
2)текст оқыту
3)үстел үсті тапсырмалар
Әр тапсырманы
орындаған сайын бір әріп
шығып отырады.
6 тапсырманы
орындағаннан кейін
юпитер сөзі шығады.
Тосын сәт
Осы кезде есік қағылып
ғарыш әлемінен екі бала
қонаққа келеді.
-Сәлеметсіңдер ма
балалар? Сендерге көп —

Бес дегенім бақыт
Бағалайтын уақыт.
Алты дегенім ақыл
Тыңдағаны мақұл.
Жеті дегенім жалау
Жүректегі алау.
Сегіз дегенім сөзін
Серт беретін кезін.
Тоғыз дегенім тоқтау
Елдің жоғын жоқтау.
Он дегенім отап
Қорға соны ботам.

-Сегіз алма.
Балалар өздері
құрастырады.

-Үшбұрыш, төртбұрыш,
дөңгелек, шаршы, ромб.
-Үш тілде балалар айтып
береді.

-Сәлеметсіздер ме?

	көп рахмет, біздің апатқа ұшыраған планетамызды қайта гүлдендірдіңдер. Бізге жасаған жақсылықтарың үшін сізге әкелген сыйлықтарымызды қабыл алыңдар. Ал балалар біз тарыш тұғындарына қандай сендердің тілектерің бар? (Екі қонақ рахмет айтып шығып кетеді.) Міне балалар, көрдіңдер ме? Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулының тағдырына адамдар жауапты. Біз өзіміздің тұратын Жер планетамызға ұқыптылықпен қарап, қорғауымыз керек. Олай болса, табиғатты қорғау түр. Өлең шумақтарын айтып жіберіңіздер.	-Аман болыңдар! -Планеталарыңда ешқашан құрғақшылық болмасын, гүлдене берсін. Балаларың біз сияқты бақытты болсын! Тәрбиешінің түсіндірмесін мұқият тыңдайды. Уланса ауа уланамыз бәріміз, Уланса су уланатын тағы біз. Уланса жер уланады өсімдік, Уланады оны жеген малымыз. Табиғатты сүю – парыз Сүю үшін қорғау-парыз. Табиғатсыз күшің жоқ Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.
Рефлексивтік түзетушілік	-Балалар, сендер бүгін іс-әрекетке жақсы қатыстыңдар. Тапсырмаларды орындап, апатқа ұшыраған планетамызға	

көмектестіңдер. Сендерге
көп, көп рахмет. Ордайым
табиғатты қорғайық,
аялайық!
Келген қонақтармен
қоштасайық!
Балдай тәтті балалармыз
Айтқан тілді аламыз.
Ойын менен өседі
Ойымыз бен санамыз
Қол ұстасып бәріміз
Жарасады сәніміз!
- Көріскенше күн жақсы!
Сау болыңыздар!

Келген қонақтармен
қоштасып балалар шығып
кетеді.

